

Жауынгерлік қол атыс қаруының және оған оқ-дәрінің, сондай-ақ сұық қарудың айналымы ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 18 қыркүйек № 1032. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 қарашадағы № 896 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.11.2019 № 896 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жауынгерлік қол атыс қаруының және оған оқ-дәрінің, сондай-ақ сұық қарудың айналымы ережесі бекітілсін.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 18 қыркүйектегі
№ 1032 қаулысымен
бекітілген

Жауынгерлік қол атыс қаруының және оған оқ-дәрінің, сондай-ақ сұық қарудың айналымы ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже жауынгерлік қаруды өндіруді, жинауды, қайта жасауды, сатуды (саудалауды), тапсыруды, марапаттауды, сатып алуды, экспонаттауды, есепке алуды, сақтауды, сақтау мен алып жүруді, тасымалдауды және пайдалануды қоса алғанда, жауынгерлік қол атыс қаруының және оған оқ-дәрінің, сондай-ақ сұық қарудың (бұдан әрі - жауынгерлік қару) айналымын ретке келтіреді.

2. Жауынгерлік қаруга жауынгерлік және жедел-қызметтік міндеттерді шешуге арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қару-жарақ

пен әскери техниканы пайдалану құқығы бар субъектілер) (бұдан әрі - жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілер) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық есімдеріне сәйкес қару-жарапқа қабылдаған қару жатады.

3. Жауынгерлік қол атыс қаруын және оған оқ-дәріні әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату (саудалау), сатып алу және экспонаттау заннамада белгіленген тәртіппен лицензиялауға жатады.

2. Жауынгерлік қаруды өндіру

4. Жауынгерлік қаруды өндіруге жауынгерлік қаруды зерттеу, әзірлеу, сынау көру, дайындау, көркемдеп жасау, жөндеу, жинау, қайта жасау және жою жатады

Жауынгерлік қаруды өндіру мемлекеттік қорғаныс тапсырысы шенберінде жүзеге асырылады.

Қару мен оның патрондарын өндіруді қаруды өндіруге (зерттеуге, жасауға, сынауға, дайындауға, сондай-ақ көркем өндеуге, жөндеуге, жинауға, қайта жасауға), патрондар мен олардың құрамдас бөліктерін дайындауға лицензиясы бар занды тұлғалар жүзеге асырады.

Занды тұлғалар қару мен оның патрондарын өндіруге тұластай (бірыңғай технологиялық кешенді ескере отырып) да, оның жекелеген түрлеріне де лицензия ала алады. <*>

Ескерту. 4-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 8 маусымдағы N 635 қаулысымен.

5. Жауынгерлік қаруды өндіруді жүзеге асыратын занды тұлғалар мыналарға міндетті:

1) тәжірибелік үлгілерді қоспағанда, жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілерге жеткізу үшін, сондай-ақ басқа мемлекеттерге жеткізу үшін ғана жауынгерлік қаруды өндіруге. Жауынгерлік қаруды басқа мемлекеттерге жеткізіп беру экспорттық бақылау туралы заннамага сәйкес жүзеге асырылады;

2) шығарылатын өнімді өндірудің қауіпсіздігін, есепке алуды, сақталуын қамтамасыз етуге және сапасын бақылауды жүзеге асыруға.

6. Дайындалған жауынгерлік қарудың әрбір бірлігінің жеке нөмірі болуы тиіс.

7. Жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілердің қару-жарапқынан (жабдығынан) алынған, сондай-ақ жарамсыз болып қалған жауынгерлік қару тиісті актіні ресімдей отырып есептен шығаруға жатады.

8. Жауынгерлік қаруды есептен шығару туралы актіні құрамы жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілердің нормативтік құқық кесімдеріне сәйкес айқындалатын ведомствоішлік комиссия жасайды, содан кейін

жауынгерлік қаруды сату немесе пайдаға асыру жөнінде ұсыныстар өзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жанындағы Әскери-техникалық комиссияның қарауына енгізеді.

9. Есептен шығарылған жауынгерлік қаруды жою (пайдаға асыру) жөніндегі жұмыстарды жүргізуі шарттық негізде, жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілердің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттілік берген заңды тұлғалар жүзеге асырады.

3. Жауынгерлік қаруды сату, тапсыру

10. Жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілер қаруды сатып алуға, сондай-ақ бұл туралы қаруды есепке алу орны бойынша ішкі істер органдарын алдын ала хабардар ете отырып азаматтық және қызметтік қаруды сатуға (саудалауға) лицензиясы бар тұлғаларға өздерінің қару-жарағында тұрған жауынгерлік қаруды сатуына болады. Бұл ретте сатылатын жауынгерлік қару өзінің негізгі параметрлері, сипаттамалары бойынша азаматтық немесе қызметтік қару параметрлеріне сәйкес келуі тиіс.

11. Жауынгерлік қаруды сату және оны қызметтік немесе азаматтық қару санатына ауыстыру туралы ұсыныстарды жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілер шешімдер қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Әскери-техникалық комиссияның қарауына ұсынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.11.2013 № 1203 қаулысымен.

12. Жеке, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға және шетелдік заңды тұлғаларға жауынгерлік қаруды сату Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұлік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.11.2013 № 1203 қаулысымен.

13. Жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілер өздерінде заңды негіздерде тұрған азаматтық және қызметтік қару мен оларға патрондарды бұл туралы қаруды есепке алу орны бойынша ішкі істер органдарын алдын ала хабардар ете отырып, азаматтық және қызметтік қаруды сатуға (саудалауға) лицензиясы бар заңды тұлғаларға сата алады.

14. Жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілер Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар басқа субъектілерге өздерінің қару-жарағында тұрған жауынгерлік қаруды беруді жүргізеді.

Жауынгерлік қаруды беру кезінде жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілер жауынгерлік қару берілетін, жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілердің нормативтік құқықтық кесімдерін басшылыққа алады.

4. Жауынгерлік қарумен марапаттау тәртібі

15. Түйдектете оқ ататын және 10 патроннан астам оқсалғышы (барабаны) барларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында айналымына тыйым салынгандарды қоспағанда, жауынгерлік қарумен марапаттау Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының, шет мемлекеттер басшыларының, шет мемлекеттер Үкіметтері басшылары мен мүшелерінің марапаттау құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

16. Марапаттау қаруының иесі қайтыс болған жағдайда көрсетілген қару ішкі істер органдарына тапсырылады.

17. Марапаттау қаруы жауынгерлік қаруды ішкі істер органдары тиісінше қайта тіркегеннен және қайта жасағаннан кейін сақтау үшін мұражайларға берілуі мүмкін.

5. Жауынгерлік қаруды сатып алу тәртібі

18. Жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілердің жауынгерлік қаруды өндіруге және сатуға лицензиясы бар заңды тұлғалардан жауынгерлік қаруды сатып алуға құқығы бар.

19. Жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілердің жауынгерлік қаруды сатып алуы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Жауынгерлік қаруды экспонаттау тәртібі

20. Жауынгерлік қаруды экспонаттау азаматтық, қызметтік қарулар мен оларға патрондардың айналымы үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Жауынгерлік қаруды есепке алу, сақтау, сақтау және алыш жүру

21. Жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілер жауынгерлік қарудың есебін жүргізуге міндетті.

22. Жауынгерлік қаруды есепке алу жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілердің бірінші басшылары белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

23. Жауынгерлік қаруды сақтау тек осы мақсаттар үшін арнайы жабдықталған, күзет және өрт қауіпсіздігі техникалық құралдарымен жарактандырылған және қызметтік қару мен оларға патрондардың айналымы үшін көзделген сақтау талаптарына жауап беретін үй-жайларда (қоймаларда) жүзеге асырылады.

24. Жауынгерлік қаруды сақтау, алу, сақтау және алып жүру тәртібін жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілер айқындаиды.

25. Сақтау мен алыш жүргүре рұқсатты жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілердің бірінші басшылары береді.

Жауынгерлік қаруды сақтау мен алыш жүргүре, сондай-ақ пайдалануға тек жауынгерлік немесе жедел-қызметтік міндеттерді шешу үшін рұқсат етіледі. Жауынгерлік қаруды өзге мақсаттар үшін сақтау мен алыш жүргүре, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынады.

8. Жауынгерлік қаруды тасымалдау

26. Жауынгерлік қаруды тасымалдау тәртібін жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілер белгілейді.

27. Жауынгерлік қаруды барлық көлік түрлерімен тасымалдаудың міндетті шарттары мыналар болып табылады:

тиеу сәтінен бастап тағайындалған пунктке жеткізгенге дейін қарулы күзет;

тиеу-түсіру жұмыстары пунктін және тасымалдау құралдарын өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету және өрт сөндіру есептемесін уақытылы тағайындау.

28. Жауынгерлік қару тасымалдау кезінде оқталмаған жағдайда және оқ-дәрілерден бөлек болуы тиіс.

29. Жауынгерлік қару арнайы ыдысқа оралып салынуы қажет, оған мөр соғылады немесе пломбы салынады.

9. Жауынгерлік қаруды экспорттау мен импорттау

30. Жауынгерлік қарудың экспортты мен импорты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы № 578 қаулысымен бекітілген Тауарлардың, оның ішінде экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортты мен импорттын, сондай-ақ жекелеген тауарлардың импорттын автоматты түрде лицензиялау кезіндегі қызметті лицензиялау ережесіне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 наурыздағы № 244 қаулысымен бекітілген Импорттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.11.2013 № 1203 қаулысымен.

10. Жауынгерлік қарудың айналымын бақылау

31. Жауынгерлік қарудың айналымын мемлекеттік бақылауды өздерінің құзыреті шегінде жауынгерлік қаруды пайдалану құқығы бар субъектілер жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК